

Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 наурыздағы № а-3/55 "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесу үшін үй-жайлар беру туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 27 маусымдағы № а-6/139 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 28 шілдеде № 6034 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Біржан сал ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 2 мамырдағы № а-5/100 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Біржан сал ауданы әкімдігінің 02.05.2019 № а-5/100 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес және " Ақмола облысының білім беру, спорт және мәдениет ұйымдарына атау беру және қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 13 мамырдағы № 261 қаулысының негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 наурыздағы № а-3/55 " Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесу үшін үй-жайлар беру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде № 4696 тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылдың 09 маусымда жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

қаулының 1 қосымшасындағы 31 жолы жаңа редакцияда баяндалсын:

"31 Сәуле ауылы, Еңбекшілдер ауданы білім бөлімінің "Шәрәпи Әлжанов атындағы орта мектеп" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта, Ақан Сері көшесі, 2Б құрылысы";

қаулының 2 қосымшасындағы 31 жолы жаңа редакцияда баяндалсын:

"31 Сәуле ауылы, Еңбекшілдер ауданы білім бөлімінің "Шәрәпи Әлжанов атындағы орта мектеп" мемлекеттік мекемесінің акт залы, Ақан Сері көшесі, 2Б құрылысы".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Р.Н.Нұрғалиевке жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет Департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Еңбекшілдер ауданының әкімі

А.Қиықов

"КЕЛІСІЛДІ"

*Еңбекшілдер аудандық
сайлау комиссиясының
төрағасы*

А.Овсяников

"27" маусым 2017 жыл